«Тренажёр + Мұғалімдерге арналған вебинар + Функционалдық сауаттылық тесті» қызметтер топтамасына шарт жасасу қажеттілігінің негіздемесі

PISA 2025 халықаралық тестілеуінен табысты өту үшін оқушыларды да, мұғалімдерді де кешенді дайындау қажет. Ұсынылатын қызметтер топтамасының негізгі мақсаты – қазақстандық мектептердің нәтижелерін жақсарту, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және педагогтердің біліктілігін арттыру.

Қызметтер топтамасының сипаттамасы:

Тренажёр оқушыларға PISA зерттеуіндегідей тапсырмалар форматымен жақынырақ танысуға мүмкіндік береді, бұл оқушылардың қобалжуын төмендетіп, нәтижелерді жақсартуға көмектеседі. Тренажёр аясында материалды тиімді меңгеруге және қателердің түзетілуіне ықпал ететін нұсқаулары бар тапсырмалардың 4 нұсқасы ұсынылады. Оқушылар тренажёрмен 2025 жылғы 10 қаңтар мен 30 сәуір аралығында жұмыс жасай алады.

Мұғалімдерге арнап НЗМ сарапшылары өткізетін вебинар педагогтерге оқушыларды PISA-ға дайындау әдістемелерін үйретуге бағытталған. Вебинарда тестілеудің негізгі домендері: математика, ғылыми жаратылыстану және оқу сауаттылығы бойынша тапсырмалар талқыланады. Мұғалімдер сондай-ақ функционалдық тәсілдемені білім беру процесіне интеграциялау бойынша практикалық ұсынымдар, сұрақтарға жауап алады және әрі қарай тереңірек меңгеру үшін вебинардың жазбасы ұсынылады.

Функционалдық сауаттылық тесті (функционалдық сауаттылықтың қалыптасуын бағалау тесті) PISA-ның қазақстандық аналогы ретінде оқушылардың тестілеуге дайындығын объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Жеке және жалпы есептердің негізінде мектептер білім беру процесін түзетуге және оқушылардың нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік алады.

Қызметтер топтамасының артықшылықтары:

Дайындықтың кешенді тәсілдемесі оқушылардың PISA-дан табысты өтуге қажет функционалдық сауаттылық дағдыларын дамытуға, сондай-ақ білімдегі олқылықтарды анықтауға ықпал етеді. Мұғалімдерге арналған вебинарлар олардың кәсіби құзіретін арттырып, әдістемелік қолдауды

қамтамасыз етеді. Бұл мектептерге ұлттық және халықаралық рейтингтердегі орындарын жақсартуға, сонымен қатар төмен нәтиже алу қаупін төмендетуге көмектеседі. Бұл білім беру мекемелерінің беделін нығайтады.

Ұсынылатын қызметтер топтамасының басты ерекшелігі – Педагогикалық өлшеулер орталығы Cambridge Assessment пен CITO-да оқытудан өткен мамандары бар елдегі жалғыз ұйым. Бұл сарапшылар халықаралық сертификаттарға ие және функционалдық сауаттылықты бағалауға арналған тапсырма әзірлеудің қыр-сырын меңгерген. Мұнан басқа, Педагогикалық өлшеулер орталығында тестілеу нәтижелеріне психометриялық талдау жүргізіледі, бұл тестілер бойынша қорытындылардың жоғары деңгейдегі сенімділігі мен объективтілігін қамтамасыз етеді. Қызмет көрсетілетін кезең бойы Педагогикалық өлшеулер орталығы мамандары міндеттемелердің сапалы орындалуын қамтамасыз ете отырып, туындаған барлық мәселелер бойынша толыққанды қолдау көрсетеді.

Толық пакетті сатып алу экономикалық тұрғыдан тиімді, себебі пакетте вебинарға тегін қолжетімділік ұсынылады. Бұл дайындық бойынша қызметтердің толық ауқымын ұсынуда жалпы шығындарды төмендетеді.

«Тренажёр + Мұғалімдерге арналған вебинар + Функционалдық сауаттылық тесті» пакетіне шарт жасасу PISA 2025-ға кешенді дайындалуды, педагогтердің кәсібилігін дамытуды және оқушылардың жоғары нәтижелерге жетуін қамтамасыз етеді. Бұл – Қазақстандағы білім беру жүйесінің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыру жолындағы стратегиялық маңызды қадам.

Директордың м.а. **Акбержанова Н.С.**

Обоснование необходимости заключения договора на пакет услуг: «Тренажёр + Вебинар для учителей + ТОУСФГУ»

Для успешного прохождения международного тестирования PISA 2025 требуется комплексная подготовка как учащихся, так и учителей. Основной целью предлагаемого пакета услуг является улучшение результатов казахстанских школ, развитие функциональной грамотности учащихся и повышение квалификации педагогов.

Описание пакета услуг:

Тренажёр предоставляет учащимся возможность детально ознакомиться с форматом заданий, аналогичных PISA, что помогает снизить уровень стресса и улучшить результаты. В рамках тренажёра представлены 4 набора заданий с подсказками, которые способствуют эффективному усвоению материала и исправлению ошибок. Ученики могут работать на тренажёре в период с 10 января по 30 апреля 2025 года.

Вебинар для учителей, проводимый экспертами НИШ, направлен на обучение педагогов методикам подготовки учащихся к PISA. На вебинаре разбираются задания по основным доменам тестирования: математической, естественно-научной и читательской грамотности. Также учителя получают практические рекомендации по интеграции функционального подхода в образовательный процесс, ответы на вопросы и доступ к записи вебинара для последующего изучения.

ТОУСФГУ (тест на оценку сформированности функциональной грамотности), являясь казахстанским аналогом PISA, позволяет объективно оценить готовность учащихся к тестированию. На основании индивидуальных и общих отчётов школы получают возможность корректировать образовательный процесс и улучшать результаты учеников.

Преимущества пакета услуг:

Комплексный подход к подготовке способствует развитию навыков функциональной грамотности у учащихся, необходимых для успешного прохождения PISA, а также выявлению пробелов в знаниях. Вебинары для учителей повышают их профессиональную компетентность и обеспечивают методическую поддержку. Это помогает улучшить позиции школ в национальных и международных рейтингах, а также минимизировать риск

низких результатов, что позитивно сказывается на репутации образовательных учреждений.

Ключевым отличием предлагаемого пакета услуг является то, что Центр педагогических измерений является единственной организацией в стране, которая располагает специалистами, прошедшими обучение в Cambridge Assessment и CITO. Эти эксперты обладают международными сертификатами и владеют всеми тонкостями разработки заданий для оценки функциональной грамотности. Кроме того, только в Центре педагогических измерений проводится психометрический анализ результатов тестирования, что обеспечивает высокую достоверность и объективность выводов по итогам тестов. На протяжении всего периода оказания услуг специалисты Центра педагогических измерений оказывают полную поддержку по всем возникающим вопросам, обеспечивая качественное выполнение обязательств.

Приобретение полного пакета экономически выгодно, так как включает в себя бесплатный доступ к вебинару. Это снижает общие затраты при предоставлении полного спектра услуг для подготовки.

Заключение договора на пакет «Тренажёр + Вебинар для учителей + ТОУСФГУ» обеспечит комплексную подготовку к PISA 2025, развитие профессионализма педагогов и достижение высоких результатов учащихся. Это является стратегически важным шагом для повышения конкурентоспособности образовательной системы Казахстана на международной арене.

и.о.Директора **Акбержанова Н.С.**